

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 24 қазандағы N 1659 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 1, 1-құжат; 2003 ж., N 44, 469-құжат; 2007 ж., N 18, 197-құжат; 2008 ж., N 23, 212-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы Жарлық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

" _ _ " _ _ _ _ _ _

N _ _ Жарлығына қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 8

ж ы л ғ ы

2 0

қ а ң т а р д а ғ ы

N 3 8 2 7

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесі

1. Ішкі әскерлер күні - 10 қаңтар
2. Геолог күні - сәуірдің бірінші жексенбісі
3. Ғылым қызметкерлерінің күні - сәуірдің үшінші жексенбісі
4. Кенге жатпайтын өнеркәсіп және қызыл индустриясы қызметкерлерінің күні - сәуірдің төртінші жексенбісі
5. Отан қорғаушы күні - 7 мамыр
6. Ақпараттандыру және байланыс қызметкерлерінің күні - 17 мамыр
7. Метрология күні - 20 мамыр
8. Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын еске алу күні - 31 мамыр
9. Кеншілер күні - мамырдың екінші жексенбісі
10. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні - 4 маусым
11. Эколог күні - 5 маусым
12. Қаржы полициясы күні - 6 маусым
13. Полиция күні - 23 маусым
14. Медицина қызметкері күні - маусымның үшінші жексенбісі
15. Баспасөз, телевизия және радио күні - маусымның соңғы жексенбісі
16. Дипломатиялық қызмет күні - 2 шілде
17. Қазақстан жастары күні - 7 шілде
18. Салық қызметі қызметкерлерінің күні - 9 шілде
19. Су шаруашылығы қызметкерлерінің күні - 9 шілде
20. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің күні - 16 шілде
21. Metallург күні - шілденің үшінші жексенбісі
22. Көлік қызметкерлерінің күні - тамыздың бірінші жексенбісі
23. Құрылысшы күні - тамыздың екінші жексенбісі
24. Спорт күні - тамыздың үшінші жексенбісі
25. Шахтер күні - тамыздың соңғы жексенбісі
26. Білім күні - 1 қыркүйек

27. Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні - қыркүйектің бірінші жексенбісі
28. Жерге орналастырушы және геодезист күні - қыркүйектің екінші жексенбісі
29. Қазақстан халқы тілдерінің күні - қыркүйектің үшінші жексенбісі
30. Орман қызметкерлерінің күні - қыркүйектің үшінші жексенбісі
31. Туризм күні - 27 қыркүйек
32. Атом саласы қызметкерлерінің күні - 28 қыркүйек
33. Құтқарушы күні - 29 қыркүйек
34. Әділет органдары қызметкерлерінің күні - 30 қыркүйек
35. Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні - қыркүйектің соңғы жексенбісі
36. Машина жасаушы күні - қыркүйектің соңғы жексенбісі
37. Мұғалім күні - қазанның бірінші жексенбісі
38. Стандарттау күні - 14 қазан
39. Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні - қазанның соңғы жексенбісі
40. Статистик күні - 8 қараша
41. Сапа күні - қарашаның екінші бейсенбісі
42. Ұлттық валюта - теңге күні, Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі - 15 қараша
43. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні - қарашаның үшінші жексенбісі
44. Прокуратура қызметкерлерінің күні - 6 желтоқсан
45. Энергетик күні - 22 желтоқсан
46. Мұрағатшы күні - 22 желтоқсан